

PUBLISHINGS of Kostanay State Pedagogical Institute	 Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРНЫСЫ	ВЕСТНИК Костанайского государственного педагогического института
--	--	---

2019 ж. шілде, №3 (55)
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

Бас редактор: Әбіл Е.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ, Қазақстан
Бас редактордың орынбасары: Ташетов А.А., (PhD) докторы, ҚМПИ, Қазақстан

РЕЦЕНЗЕНТТЕР

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ СИМ, Мәскеу қ., Ресей
Жаксылыкова К.Б., педагогика ғылымдарының докторы, Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Қазақстан

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Благодаразумная О.Н., экономика ғылымдарының кандидаты, Молдова Халықаралық Тәуелсіз Университетінің доценті, Молдова
Доман Э., лингвистикалық ғылымдар докторы, Макао университеті, Сидней, Австралия
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ООМГПУ, Ресей
Жилбаев Ж.О., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы президенті, Қазақстан
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, PhD докторы, АҚШ, Батыс Вирджиния
Кульгильдинова Т.А., педагогика ғылымдарының докторы, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ-нің профессоры, Қазақстан
Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, лингвистикалық ғылымдар докторы, Сан-Паулу Папа католик университеті, Бразилия
Монова-Желева М., PhD докторы, Бургас еркін университетінің профессоры, Болгария
Чаба Толгизи, Венгрияның Сегед Университеті экология кафедрасының ғылыми қызметкері, Венгрия

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік к., 118
(ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы)
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

№3 (55), июль 2019 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский государственный педагогический институт*

Главный редактор: *Абиля Е.А.*, доктор исторических наук, профессор, КГПИ, Казахстан
Заместитель главного редактора: *Ташетов А.А.*, доктор (PhD), КГПИ, Казахстан

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, профессор МГИМО МИД, г. Москва, Россия
Жаксылыкова К.Б., доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского университета им. К. Сатпаева, Казахстан

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан
Благодарная О.Н., кандидат экономических наук, доцент Международного Независимого Университета Молдовы
Доман Э., доктор лингвистических наук, университет Макао, Сидней, Австралия
Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЮУГГПУ, Россия
Жилбаев Ж.О., кандидат педагогических наук, доцент, президент Национальной академии образования им. И. Алтынсарина, Казахстан
Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция
Катцнер Т., доктор PhD, профессор Университета Западной Вирджинии, США
Кульгильдинова Т.А., доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Казахстан
Марилена Сантана дос Сантос Гарсия, доктор лингвистических наук, Папский католический университет Сан-Паулу, Бразилия
Монова-Желева М., доктор PhD, профессор Бургасского свободного университета, Болгария
Чаба Толгизи, научный сотрудник кафедры экологии, Университет Сегеда, Венгрия

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19 ноября 2007 года.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:
110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 118
(управление науки и международных связей)
Тел. (7142) 54-85-56 (135)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!



Сіздердің назарларыңызға педагогика ғылымдары бойынша зерттеулерді қамтыған «ҚМПИ Жаршысы» ғылыми-әдістемелік журналымыздың 2019 жылғы үшінші басылымын ұсынып отырмыз.

«Теориялық және сараптамалық-шолу зерттеулер» айдарында Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі қайталама бірліктерінің қолданысы, Ақылбек Шаяхмет өлеңдеріндегі мақал-мәтелдердің қолданысы, тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда білім алушылардың құқықтық сауаттылығын дамытудың маңызы, замануи әдебиеттегі отбасылық құндылықтар, педагогикалық ЖОО студенттерінің конфликтологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

«Эмпирикалық зерттеулер» бөлімінде сызықты дифференциалдық теңдеулер жүйесін операциондық әдіспен шешу, 15-16 жастағы

оқушылар арасында жеңіл атлетикадан «Айналмалы жаттығу» әдісін қолдану, жастардың некеге тұруына психологиялық дайындығын зерттеу, Қостанай облысында қонақ үй бизнесінің шағын нысандарының даму үрдістері жөнінді мәселелер қарастырылды.

Ғалымдардың жұмыстары жарық көрген «Пәндерді оқыту әдістемесі және технологиясы» бөлімінде келесі тақырыптар қозғалды: 12-13 жастағы самбистердің оқу-жаттығу процесінің тиімділігіне жылдамдық-күш жаттығуларының әсері, смартфондағы қосымшалар арқылы сөздік қорын үйрену, ҚМПУ студенттері үшін пауэрлифтинг бойынша фитнес-бағдарламаларды ұйымдастыру және олардың мазмұны.

«Жас зерттеушілердің ғылыми еңбектері» бөлімінде элективті мутизм мәселесіне, шетел тілдерін оқыту үдерісінде тілдік емес мамандықтардың студенттеріне креативті ойлауды дамыту туралы сұрақтарға, оқушылардың биология сабағын жүргізудегі зерттеушілік шеберлігі мен дағдыларын қалыптастырудағы қарқындылығын зерттеуге ерекше назар аударылды.

«Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыру» айдары бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды таныту, латын әліпбиіне көшу – заман талабы мәселелерін қамтыды.

Нөмірімізде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде отандық авторлардың, Ресей Федерациясы мен ТМД елдері ғалымдарының мақалалары жарияланды.

Біз, болашақта журналымыздың жариялану аясы кеңейіп, ғылыми қорымызды жаңартып толықтыруға мүмкіндік береді деген үміттеміз, журналымыздың жарияланымдары ғылыми қызығушылық тудыратынына сенімдіміз. Сіздердің тараптарыңыздан ұсыныстар мен ерекше пікір күтеміз.

A handwritten signature in black ink, appearing to be 'E.A. Obil'.

Әбіл Е.А.,

«ҚМПИ Жаршысының» бас редакторы,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Перед Вами третий номер за 2019 год научно-методического журнала «ҚМПИ Жаршысы», посвященный исследованиям педагогической науки.

Так, в разделе *«Теоретические и обзорно-аналитические исследования»* освещены вопросы использования единиц повторения в стихах Сырбая Мауленова, пословиц и поговорок в стихах Акылбека Шаяхметова, правовой грамотности обучающихся в формировании антикоррупционной культуры личности, семейные ценности в современной литературе, роли семьи в воспитании детей с нарушениями в развитии, формирования конфликтологической культуры студентов педагогического вуза.

В разделе *«Эмпирические исследования»* рассматриваются вопросы линейных дифференциальных уравнений, применения метода «Круговой тренировки» на занятиях по легкой атлетике, исследования психологической готовности молодежи к браку, развития малых форм гостиничного бизнеса в Костанайской области, дозирования нагрузки в зависимости от периода тренировочного процесса в шорт треке у спортсменов высокой квалификации.

В статьях ученых, чьи работы опубликованы в разделе *«Методика и технология преподавания дисциплин»* затронуты следующие темы: влияние скоростно-силовых упражнений на эффективность учебно-тренировочного процесса самбистов 12-13 лет, изучение словарного запаса через приложения на смартфонах, организация и содержание фитнес-программ по пауэрлифтингу для студентов КГПУ.

В разделе *«Научные работы молодых исследователей»* особое внимание уделено элективному мутизму, вопросам развития креативного мышления в процессе обучения студентов неязыковых специальностей иностранным языкам, изучению эффективности формирования исследовательских умений и навыков у учащихся в процессе преподавания биологии.

Раздел *«Реализация программы Рухани жаңғыру»* включает рассмотрение вопросов национальных ценностей для учащихся начальных классов, перехода на латиницу как требование времени.

В номере имеются материалы отечественных авторов на казахском, русском и английском языках, статьи ученых Российской Федерации и стран СНГ.

Мы надеемся, что в скором будущем география публикаций журнала расширится, способствуя пополнению и обновлению научной базы, а также появится огромный научный интерес со стороны читателя. Ждем от вас предложений и новых креативных идей.



Әбіл Е.А.,
главный редактор «ҚМПИ Жаршысы»,
доктор исторических наук, профессор

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САРАПТАМАЛЫҚ-ШОЛУ ЗЕРТТЕУЛЕР ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ОБЗОРНО-АНАЛИТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.

*филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Бигалиева, Б.

*«5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 3 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЙТАЛАМА БІРЛІКТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйін

Қайталама – сөз әсерін, айтар ойды күшейте түсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталап қолдану тәсілі. Мақалада С. Мәуленов өлеңдеріндегі қайталама сөздердің стильдік қызметі талданады. Ақын өз өлең жолдарында қайталаманы қолдана отырып, оқырмандарына сөздің құдіретін көрсете білген.

Кілт сөздер: *қайталама түрлері, бейнелілік, стильдік тәсіл.*

1 Кіріспе

Шығарма тілінің көркемдік ерекшелігін көрсететін амалдардың бірі – қайталама. Мақсаты – жеткізейін деген ойды бірнеше мәрте қайталау арқылы санаға қондыру. Қайталау – көрнекті сөз айшығы. Ақын жазушыларымыздың қайталаманы қолдана отырып, халқымыздың сөз шеберлігін, қазынасын қаншалықты игергені осы әдіс-тәсілге байланысты болып келеді.

Қайталамалар туралы зерттеу еңбектерінің көбі тілдегі стилистикалық ерекшеліктерді, яғни қайталаманың парадигмалық сипатын ашуға арналған. Қайталаманы сөз қолданудың оңтайлы тәсілі ретінде қарастырған академик М. Серғалиев болды. Ол жазушы Ғ.Мүсіреповтің шағын проза-әңгімелеріндегі қолданылған қайталауларды «өзіндік дәстүрі бар тәсіл» деп бағалайды. Қайталама мәселесі профессор Б. Шалабайдың да еңбектерінде қамтылады. Ол қайталаманың көркем шығармадағы қолданысына ерекше талдау жасай келіп, оларды синтагмалық және сөйлем деңгейіндегі түрлерге саралайды. Сөйлем ішінде қайталану жиілігіне қарай оларды қос қабатты және үш қабатты қайталаулар деп бөледі. 1980 жылдардан бастап қайталамалар тақырыбына байланысты бірнеше диссертациялар жазылды. Олардың қатарына қайталамалардың лингвистикалық жүйесін қарастырған О. Бүркітовтың докторлық диссертациясын айтуға болады. Қайталамалардың лингвостилистикалық табиғатын қарастырған О. Бүркітов: «Прозалық мәтінде қолданылмайтын, қолданылса да поэтикалық мәтіндегідей актив қызметке ие бола бермейтін қайталамалар түрі бар. Олар – дыбыстық қайталамалар. Әдетте, дыбыстық қайталамалардың кеңінен қолданатын ортасы – өлең өрімі», – деп олардың қолдану аясын дөп басады [1].

Қайталама – әрі әдіс, әрі айшық, яғни лингвистикалық категория. Әйел-ақындар поэзиясындағы қайталамалар өлеңнің көркемдігін, эмоциялық, эстетикалық әсерлілігін арттыруға ықпал етеді, лирикалық туындының әдемілігін, мазмұндылығын күшейте түсу мақса-

тында жұмсалады. Қайталамалардың түрлері – әйел-ақындардың поэзиясында көптен кездеседі. Ақындар не айтқысы келсе, сол ойын қарапайым жай сөйлемдерді қайталамалар арқылы бірнеше рет қайталап, бүкіл іс-оқиғаның құбылысты суреттеудегі мақсатына сай белгілі бір жүйеге құраған [2].

Әдебиет теориясын сөз етуші З.Қабдолов ажарлау деп атаған көріктеу амалына жататын бірінғай дауыссыз немесе бірінғай дауысты дыбыстардың өлең жолдарында қайталануына, сондай-ақ өлең жолында түбірлес сөздердің қолданылуына қатысты дыбыстар гармониясын береді, – деп ой түйеді [3].

2 Материалдар мен әдістер

Фигураның бір түрі – қайталау сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу мақсатында қолданылады. Олардың мынадай түрлері бар:

- жай қайталау;
- еспе қайталау;
- анафора;
- эпифора.

Жай қайталау – мұнда ақынның бір ұғым қалыптастырғысы келіп, бір сөзге ерекше акцент жасап, бірнеше жерде арнайы қайталап отыру.

Еспе қайталау – мұнда ой мен сыр шынында да бір түрлі есіле түйдектеп келеді де, алдыңғы ұғымның аяғы соңғы ұғымның басына қайталана көшіп, өлеңге әсем әуез, әдемі әсер дарытқандай болады.

Анафора – мұнда өлеңнің әр жолы немесе әрбір ой ағымы бір сөзден басталып отырады.

Эпифора – мұнда өлеңнің әр жолының соңындағы немесе әрбір ой ағымының аяқ жағындағы бір сөз бірнеше рет қайталанып отырады [3].

Лексикалық анафора мен эпифора С.Мәуленовтің өлеңдерінде ерекше орын алады. Лексикалық анафора мен эпифора – қайталама түрлерінің ішіндегі ең толымдысы, қызмет ауқымы орасан кең болып келетіні және әдеби тілдің стиль түрлерінің барлығында дерлік қолданылатыны. Өлеңнің мазмұнын аша түсетін, әр түрлі сипаттағы іс-әрекеттерді бір арнаға жинақтайтын, ең алдымен, бір жайтқа ерекше назар аударуды көздейтін лексикалық анафора мен эпифора поэтикалық мәтіндерде жиі қолданылады. Лексикалық қайталамалар қазақ тіл білімінде қалған қайталама түріне қарағанда көбірек зерттелген түрі болып саналады.

Анафора да, эпифора да көркем тілдегі жалпы қайталауға қойылатын шарттарға бағынықты. Жай қайталауда ақын сөйлемнің әр жолын қайталап айту арқылы сол сөзге, дұрысын айтқанда, сол сөздің мәніне оқушылардың көңілін аударуды мақсат етсе, анафора, эпифораларда бір сөзді сөйлемнің басында не аяғында қайталау арқылы сол мақсат орындалады. Мұнымен қатар жай сөздерде де, нәрсенің әсерін күшейту үшін де бір сөзді қайта-қайта айтулар болады. Мысалы: «Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болар» немесе біреуге арнай сөйлегенде де қайталау әдісін қолданады.

Көркем мәтінде қолданылатын лексикалық анафора мен эпифора шартты түрде үшке топтастырылады:

- көркем мәтінде таза стильдік қызмет атқаратын лексикалық анафора мен эпифоралар;
- көркем мәтінде аралас қызмет атқаратын лексикалық анафора мен эпифоралар;
- көркем мәтінде құрылымдық-композициялық қызмет атқаратын лексикалық анафора мен эпифоралар.

Лексикалық анафора мен эпифоралардың қайталама ретінде сан алуан түрлері бар: дистантты, контактілі, сатылы, көп сатылы, саңылаулы, тұйық, семантикалық, күшейткіш қайталамалар. Ақын қаламынан туған образды, соны тіркестерде сөз де тіптен тың, мағына-

лық жаңа реңке ие болуы мүмкін. Яғни, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап көркемдік жасап үйлесімге келтіретін тіл байлығының көріктеу құралдары, тәсілдері бар.

Ақын-жазушылар қайталауды өзінің таптық идеясын үндеу үшін қолданады. Өзінің сол нәрсеге қатысын көрсетеді. Бірақ сөзді қайта-қайта айтумен оқырманды әсерлендіреді.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Сүйдім сені, сүйдім сені беріліп,

Сүйдім сені көз жасымен егіліп.

Сүйдім сені таңғы самал жел болып,

Сүйдім сені тамшы болып төгіліп.

Сүйдім үнсіз қап-қараңғы аспандай,

Сүйдім тілсіз, қатып қалған тастардай.

Сүйдім бұлттай мең-зең болып сіресіп,

Тұрып қалған көздерінен жас тамбай.

Сүйдім сені жаңбыр күткен даладай,

Сүйдім сені ұлын күткен анадай.

Ертелі-кеш көк теңізге телміріп,

Сүйдім сені толқын күткен жағадай (С. Мәуленов «Сүйдім сені, сүйдім сені»).

Ақын *сүйдім сені* деген сөзді бірнеше рет қайталау арқылы, анафора тәсілін пайдалана отырып өлеңнің қуатын арттырып, әрлендіре түскен. Ол өзінің махаббатын табиғатпен теңестіріп, сүйіспеншілікті, сезімді шебер суреттейді. «*Сүйдім сені*» сөзі табиғат, құбылыс атауларының бәрімен тіркесіп, бірде тура, бірде ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Сол арқылы ол оқырмандарға өзінің шексіз махаббатын қайталау арқылы әсерлі жеткізе білген.

Күй жатыр көк орманда буырқанған,

Күй жатыр найзағайда бұлтты жарған,

Күй жатыр толқынында теңіздердің,

Күй жатыр шертушісін күтіп алдан (С. Мәуленов «Күй»).

Бұл өлең жолдары анафора тәсілі арқылы жасалып ақынның қазақтың күйінің киелі әрі құрметті екенін бар жұртқа паш ету мақсатында айтылған. Қай уақытта болмасын, қанша ғасыр өтпесін қазақ үшін күй мәңгі мұра ретінде қалады. Сол себепті ақын оқырмандарға сол ойын жеткізу үшін осы анафоралық қайталауды тиімді пайдаланған.

Жауынгермін *құшағымда*

Керілген көк, кең дала.

Дауылды ермін, *құшағымда*,

Еркін ескен жел ғана.

Жерге болмас шек *десе де*,

Жерге сыймас бұл кегім.

Аспанда шек жоқ *десе де*,

Сыймас оған жүрегім (С. Мәуленов «Жауынгермін құшағыда»).

Өлең жолдарындағы «*құшақ*» сөзі (құшақ: 1. екі қолдың ішкі жағын қамтитын адамның алдыңғы иіні; 2. мейірім, шапағат) тура және ауыспалы мағынаға ие болып өлең жолдарының бейнелілігін арттыра түскен.

Ақын бұл өлең жолдарында эпифораны қолдана отырып, жауынгердің қолындағы күшін әсірелеп, оны кең даламен салыстырған. Ондағы айтпақ ойы батырдың кек өлімге де баратыны жайлы. «Құшағымда» сөзін бірнеше мәрте қайталай отырып ақын батырдың кең құшағын суреттеп отыр.

Қасымда Дон *толқиды*,
Алыста Сыр *толқиды*.
Жүректе күй әрқилы,
Жүректе жыр *толқиды* (С. Мәуленов «Жақында жайылып жүр»).

«Толқиды» сөзін бірнеше рет қайталау арқылы ақын эпифора қайталауын пайдаланып отыр. Бұл өлең жолдарында ақын Дон өзенінің сұлу келбетін, толқыған толқынын күйге теңеп отыр. Жүрек толқығандай Дон да толқиды.

- *Айтпашы, әке, айтпашы, әке*, барлығын,
Кең дүниенің көрдім біраз тарлығын.
Бала кезгі ертегіңді сағындым,
Соны естіп келді енді қалғығым (С. Мәуленов «Әке алақаны»).

Ақын баланың әкеге деген сағынышын жай қайталау арқылы көрсетіп отыр. Бұнда әкемен өткен балалық шақтың ең сүйікті сәттерін еске алып, балалық кезге оралу сағынышын көрсетіп отыр.

Мұнда ол *қалай келді, қалай келді*,
Қимылсыз тас төбеге қарай берді.
Біртіндеп әлсіреген денесіне,
Жалындай өмір қаны тарай берді (С. Мәуленов «Өлмес өмір»).

Бұл өлең жолдарында жаудың қолына түскен жауынгерді суреттеп отыр. Сондағы қалай ғана қолға түсіп қалдың деген өкінішін жай қайталау арқылы түсіндіріп отыр. Бұнда өкініш пен қайғы тербелісі жайлы айтылған.

Шақырып күреске бар ызалы елді,
Жазды ол, жазды, жазды, жаза берді.
Ұшқыр ой, жүйрік қалам, өмірге өрлеп,
Уақыттың кемесімен оза берді.

Ұйқыдан соң –
Жапырақпын
Жаңбыр шайып жаңарған.
Ұйқыдан соң –
Көк айдынмын
Ұзақ ұшып, көліне кеп дем алған.
Ұйқыдан соң –
Көк айдынмын
Мөлдіреген шайқалып.
Ұйқыдан соң –
Дауыл өткен,
Жауын өткен
Менде дала қалпы бар (С. Мәуленов «Ұйқыдан соң»).

Ақын еспе қайталау арқылы өзінің ұйқыдан соңғы кезеңін суреттеп отыр. Өзінің ұйқылы кезеңін табиғатпен теңеп, әсерлі ету үшін еспе қайталауды қолданып отыр. Бұл өлең жолдарында өзін дауылға теңеп, оқырмандарын ерекше әсерге бөлеген.

5 Қорытынды

Түйіндей келгенде, қайталау ақынның өлеңдерінде молынан қолданылып, ерекше стильдік қызметке ие болған, әсіресе айтылмақ ойды санаға қондырып, өз оқырмандарын ерекше эстетикалық әсерге бөлеу қызметіне ие болған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есіркепова К.Қ. 1960-80 жылдардағы әйел-ақындар поэзиясының тілі (Ф. Оңғарсынова, М. Айтқожина, А. Бактыгереева, Қ. Ахметова шығармалары негізінде). – Монография. – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 153 б.
- 2 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 3 Бүркітов О. Қазақ тіліндегі қайталамалардың лингвистикалық жүйесі. Фил.ғыл. док...дисс. – Алматы, 2001. – 292 б.

Материал редакцияға түсті: 03.05.2019

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БИГАЛИЕВА, Б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЕДИНИЦ ПОВТОРЕНИЯ В СТИХАХ СЫРБАЯ МАУЛЕНОВА

Повторение – это способ многократного использования одного слова или словосочетания для усиления значения слова и высказывания. В статье анализируется стилистическая функция повторов в стихах С. Мауленова. Поэт использовал слова «Повторение» в своих стихах, чтобы показать своим читателям силу слова.

Ключевые слова: виды повторений, образность, стилистический метод.

BEKBOSSYNNOVA, A.KH., BIGALIEVA, B.M.

USE OF REPETITION UNITS IN VERSES OF SYRBAY MAULENOV

Repetition is a way to reuse the same word or phrase to enhance the meaning of a word and utterance. The article analyzes the stylistic function of repetitions in verses of S. Maulenov. The poet used the word «repetition» on his poems to show his readers the power of the word.

Key words: types of repetitions, figurativeness, stylistic method.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова, А.Х.

*филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
қауымдастырылған профессоры*

Калиева, А.

*«5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті»
мамандығының 2 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Түйін

Мақал-мәтелдер – халық даналығының қайнар көзі. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Мақалада Ақылбек Шаяхметов туындыларындағы мақал-мәтелдердің стильдік қызметі талданады.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, бейнелілік, тұжырымды ой, стильдік ерекшелік, халық даналығы.

1 Кіріспе

Халық өнерінің бірі де бірегейі – мақал-мәтелдердің көркемдік қуаты сан алуан. «Сөздің көркі – мақал», – деп халқымыз мақал-мәтелдің құдіретіне аса жоғары баға берген. Мақал-мәтелдердің көкжиегі өте кең, әрі тақырыптар мазмұны ауқымды. Олар адамды жақсылық пен ізгілікке жетелеп, мәнді, мазмұнды ойлар арқылы тәрбиелейді.

Атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл байлықтың бірі, ұзақ замандар бойы тырнақтап жиып, шаң жуытпай сақтап келген қасиетті мұраның қайнар көзі – мақал мен мәтел. Мақал мен мәтел жай сөз емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Ол – сөз көркі, сөз атасы, қысқа болса да, нұсқа сөз. Жазу тілінде болсын, ауызекі тілде болсын, мазмұнға бай мақал-мәтелдей ешбір шығарма түрі жоқ. Сонымен қатар, таң қаларлықтай шешендік қасиеттерін өз бойында жинақтаған, халқымыздың асқан даналықтарын мол және әр жақты жинап сақтаған дәл мақал мен мәтелдей шығарма жанры болған емес. Әр халықтың мақал-мәтелдері – сол халықтың өзі құрастырған ережесі, логикалық формуласы. Ол кез келген мәселенің тұсында еске түседі, тілге оралады. Сөйтіп, ұзақ баяндауды, көп ойлануды керек ететін оп-оңай оқиғаны бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіреді, ұғындырады.

А. Байтұрсынұлы «қара сөз бен дарынды сөз жүйесіне» тоқтай келіп, оларды іштей өрнекті сөйлемдер, өленді сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз, ділмәр сөз деп бөледі де, әрқайсысына жеке зерттеу жүргізеді. Осылардың ішінде мақал-мәтелге айрықша орын беріледі. «Мәтел дегеніміз – кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады, бірақ мақал тәжірибеден шыққан шындық түрінде айтылады» [1].

Осы тұжырымдама арқылы, мақал және мәтел түсінігінің ара-жігін ажырату, олардың айырмашылығын түсінуге мүмкіндік бар, яғни біз бұл екеуін жеке қарастыру барысында, мақалдың көбінесе шындық сипатында болатындығын айтса, ал мәтел сөйлеушінің шешендігін, тапқырлығын танытатын халық даналығының мұрасы екендігін танытады. Сонымен, мақал-мәтелде айтылатын ой, әсіресе, мәтелде толық аяқталмаған болжау, ишарат түрінде қалып қояды. Бірақ, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін әрқашан мақал-мәтел құрылысымен салыстыруға болмайды. Өйткені, мақал-мәтел құрылысында кездесетін эллипсистік құбылыс олардың мағына жағына ешбір зиян келтірмей, тек құрамындағы сөздердің мағыналық ұқсастығы жағынан саралана келіп, кейбір жанама, қосымша мағынаға ие болып тұрған сөздердің ұғымын, соның жанында тұрған сөздер толық бере алуына байланысты жасалады.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев: «Мақал дегеніміз – халықтың ғасырлар бойғы дүниетанымы, тәжірибесі жинақталып берілген, мазмұны жағынан ғибрат, өсиет сияқты, ізгі қасиеттерді уағыздайтын, құрылымы жағынан әрі көркем, әрі ырғақты, ықшам нақыл сөз. Мақал формасы жағынан аяқталған сөйлем іспеттес. Мақалдардың көпшілігі екі компонентті, яғни құрмалас сөйлем типтес болып келеді.

Ал, мәтелге келсек, мақалға берілген анықтаманы оған да беруге болады. Мәтел де халық даналығынан туған, мағынасы уағыз, өсиетке негізделген, ырғақты, әрі ықшам сөз үлгісі. Мәтелдің мақалдан айырмасы – мәтелде айтылатын ой-пікір мақалдағыдай емес, негізінен жанама түрде астарлау, меңзеу түрінде берілетіндігінде», – дейді [2].

Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің пайда болып қалыптасуы ішкі және сыртқы факторға байланысты: «Ішкі фактор әрбір этникалық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, өзіндік дүние танымына байланысты. Ал, сыртқы фактор сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, басқа халықтармен араласуынан, бір-біріне тигізген мәдени әсеріне байланысты. Мақалдар негізінен екі бөлімді болып келеді де, алдыңғысында іс-әрекеттің шарты мен жағдайы айтылып, соңынан сол пікірді түйіндеп қорытындылайды. Я болмаса, екі нәрсені бір-біріне қарсы қойып салыстырады», – деп тұжырымдаған [3].

С.К. Кенжемұратова мақал-мәтелдердің пайда болуы жайлы: «Қазақтың кейбір мақал-мәтелінің халық ертегілерінен, хикая, өлең, жырлардан пайда болғанын аңғарамыз. Мәселен, қазіргі мақал ретінде айтылып жүрген: «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты»; «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді»; «Өз үйім – өлең төсегім» – деген мақалдар ертегілерден қалған жұрнақтар.

Мақал-мәтелдердің кейбіреуі көрнекті ақын-жазушылардың қолтума нақыл сөздерінен де пайда болады. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің көбі халық арасына кең тарап, мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кетті. Мысалы, «Атаңның баласы болғанша, адамның баласы бол» деген сияқты даналық өсиеттері», – деп көрсетеді [4].

С.Ғ. Қанапина мақал-мәтелдердің көркем мәтіндегі қолданысын, тілдік-стильдік, ұлттық танымдық қызметін көрсетіп: «Мақал-мәтелдер жазушы тілін жандандырып, өткірлік сипат, ұлттық ажар беретін стильдік мәні ерекше құрал болып табылады. Мақал-мәтелдер кімде-кімнің болсын сөз мәдениетін арттырып, шеберлікке үйрететін әсем өрнек. Мақалдардың негізгі ерекшеліктеріне: мақалдар объективтік дүниені көркемдік тұрғыдан жалпылай қорытады; мақалдардың тура және ауыспалы, ишарат, бейнелі мағыналарының қатынасын қатаң еске алып, олардың біріншісінен екіншісіне ауысу процесін белгілі мәселеге халықтық көзқарастың өзгеру құбылысымен байланысты қарау керек; мақалдар дүниені көркемдік тұрғыдан бейнелегенде өзіне тән логикалық заңдылықтар арқылы бейнелейді», – деп ажыратқан [5].

Ш.П. Қарсыбекова: «Әрбір мақал-мәтелдердің бойына этнос болмысына тән, оның рухани, заттық (материалдық) мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне, т.б. ерекшеліктеріне бай ақпарат жиналғанын көреміз», – дейді. Бұл тұжырым арқылы мақал мен мәтелдердің ата-бабамыздан қалған мұра екендігін және қалыптасу этимологиясын көреміз.

Ғалым мақал-мәтелдердің логикалық және семантикалық топтардың өз ішінде макро және микро топтарға жіктеген:

1. Заттардың сәйкес және сәйкессіз сапалы әрекеттері;
2. Заттардың табиғи сапалы сәйкестігі мен сәйкессіздігі;
3. Табиғи сапалы заттардың сәйкесті және сәйкессіз әрекеті;
4. Көлеміне қарай болатын сәйкесті және сәйкессіздік;
5. Мерзім сәйкестігі мен сәйкессіздігі;
6. Сандық сәйкестік пен сәйкессіздік;
7. Орнына, жағдайға, әрекетке, қимылға, қалпына және де т.б. қасиеттеріне байланысты болатын сәйкестік пен сәйкессіздік;
8. Бағыт сәйкестігі мен сәйкессіздігі;
9. Уақыт сәйкестігі мен сәйкессіздігі [6].

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында жалпы теориялық әдіс, яғни мақал-мәтелдер жайлы жинақталған тарихи дереккөздері мен шығу этимологиясы жайында, қалыптасуы мен дамуы сараланып, теориялық тұрғыда зерттелуі, оның ішінде баяндау, бұл әдісі арқылы қажет материалдарды рет-ретімен жүйелеу жасалды. Сәйкесінше, бұл мағлұматтарды талдау әдісі арқылы мазмұны мен пішіні жағынан ерекшеліктері анықталды. Салыстыру әдісі арқылы мақал-мәтелдердің тақырыптық қолдану аясының кеңдігі мен әртүрлілігі ажыратылды. Бұл әдіс арқылы тақырыптардың көп еместігін, оның белгілі ортақ мәселені ғана қамтитындығын зерделеуге көмектеседі. Ақылбек Шаяхметов өлеңдеріндегі мақал-мәтелдер жан-жақты зерттелініп, халық ауыз әдебиетінде алатын орны жоғарыда аталған әдістер бойынша талданды.. Ақылбек Шаяхметов поэзиясындағы мақал-мәтелдер қолданысы жинақталып, жіктеу әдісі арқылы көрініс тапты.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Ақын-жазушылар тіліндегі ерекше көріктеу құралы – мақалдар мен мәтелдер. Мақал-мәтелдердің көбі игі қасиеттерге үндеу мен уағыздау сипатында келеді. Мақал-мәтелдердің өзіне тән өміршендігі – мазмұнының тереңдігінде, тілінің айшықтығы, көпшілігі өлең сөзге құрылғандықтан еске сақтауға қолайлы аз сөзбен ауқымды мағына беретіндігінде.

Ақылбек Шаяхмет өлеңдерінде мақал-мәтелдерді синтаксистік, морфологиялық жағынан, өз қалпында өзгетпей, ешбір құбылтусыз қолдану аясы көп кездеседі. Мақал-мәтелдердің түпнұсқасы сақталған мысалдар келтірейік:

Бар ниетің болса дұрыс,

Шыға аласың жылымнан.

Жақсы сөз – жарым ырыс

Деген сөз бар бұрыннан («Үй артында кісілер бар»).

Адамға не туралы болса да жақсы-жағымды сөз айтып, оң пікірін білдіру – жартылай бақыт, зор қуаныш сыйлаумен барабар емес пе?

Өнер алды – қызыл тіл,

Өзеуресең, өзің біл.

Айтқан сөзден қалған із

Бірде гүл де, бірде күл («Өнер алды – қызыл тіл»).

Есімде он сегізден асқан кезім,

Ағынды тау суындай тасқан кезім.

Ақылым басымдағы шаштан ұзын,

«Алды жән, арты соқпақ» басқан ізім («Есімде он сегізден асқан кезім»).

Осы мысалдар арқылы, біз ақынның ата-бабамыздан қалған, жинақтарға енген, терең мазмұны мен тәрбиелік мәні мол мұралардың тек қана бір жинақтар не болмаса шаң басып жатқан кітап беттерімен шектелген мақал-мәтелдерді, өз еңбектеріне енгізу арқылы қолданысы азайған мақалдарды жаңғыртып, оқырманға терең ой салады.

Ақылбек Шаяхметов мақал-мәтелдерді қолданудан оларды авторлық өңдеуден өткізіп, бір сыңарын антоним не синоним сөздерімен ауыстырып немесе мағынасын басқа сөзбен алмастырып жеткізеді. Яғни, ақын халықтың бай тілдік қазынасын меңгере отырып, оларды орнымен орайластыра қолданып, олардың бір мүшесін түсіріп, орнын ауыстырып немесе өлең жолының ұйқасына қарай басқа сөз пайдалана отырып, жаңа тіркес құраған.

Мысалы, «Кесе алмайсың тілімді» деген өлеңінде:

Дауыстары қарлыққан

Шешендерге болдық таң.

Қызық тілде сүйек жоқ,

Аңдап сөйле, сондықтан («Кесе алмайсың тілімді»).

Бұл шумақта халқымыздың «Тіл – сүйексіз» деген мақал-мәтелін автор өз ыңғайына қарай өңдендіріп, жаңа тіркес жасағанын байқаймыз. Тіпті, өлең атауының өзі инверсияға ұшырағаны көзге анық көрінеді.

Біреу тонып секірсе, біреу тойып мәз болар,

Алғыс айтқан ауыздан қарғыс шығар кез болар («Сөз»).

«Сөз» атты өлеңінде қатар келген қос мақал екі құбылысты бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы, яғни антонимдік жұп құрау арқылы жасалған.

Жалпы Ақылбек Шаяхметов өлеңдерінде сөз үнемдеу, мақал-мәтелдердің жұптарын ықшамдап қолдану – жиі кездесетін құбылыс. Кейбір мақал-мәтелдерді туынды тармағында икемдеп алып инверсиялаған.

Ғалым Р. Сыздықова: «Өлең синтаксисінің проза синтаксисінен негізгі ерекшеліктерінің бірі – ауыстыруға (инверсия) байланысты. Сөйлем мүшелерінің қазақ тіліне тән классикалық тәртібі: бастауыштан баяндауыштың бұрын орналасуы, тұрлаусыз мүшелердің өздері қатысты мүшелерден бұрын орналасуы, құрмалас сөйлемдегі басыңқы мүшесінің бағыныңқыдан кейін келуі – өлеңде жиі және оңай бұзылып, инверсия жасайды», – деп көрсетеді [7].

Пайда болған тұңғыш сөз нұр төккенде жарық күн,

Құдіретті жарықтық мысын басып алыптың.

Биік-биік шыңына алып шыққан даңқтың,

Артын бақсақ әліптің, сөз – байлығы халықтың («Сөз»).

Сүйексіз дейсің тіл неге,

Айтайын оның қайбірін?

Іздейтін күндіз, түнде де,

Өлеңім менің – Ай, Күнім («Қызыл тілім»).

Тілден – басқа пәле деп,

Мылқау болып жүргем жоқ

Қызыл тілдің қадірін
Көп жұрт әлі білген жоқ («Тіл – елшісі сор, бақтың»).

Таңба салып кеткен тіл,
Сүйектен де өткен тіл.
Талайлардың түбіне

Оқжыландай жеткен тіл («Кесе алмайсың тілімді»).

Жоғарыдағы мысалдардан Ақылбек Шаяхметтің тілінде мақал-мәтелдердің дағдылы орындарын ауыстыру, яғни инверсияға ұшырауы, сөз қосып, мағынасын толықтырып, жаңғыртып қолдану және бұрынғы тіркестің негізінде жаңа тіркес жасау сияқты өзгерістерді байқауға болады. Сонымен, мақал-мәтел құрамы көркем әдебиеттің басқа жанрларына қарағанда сөзге өте сараң, сөйлемдері ықшам болып келетін, себебі жоғарыда айтылған теорияларға байланысты. Ықшамдалу дәл мағынасында сөйлегенде немесе жазғанда түсінуге нұқсан келтірмейтін сөздерді тастап кету деген мағынаны білдіреді.

Мақалдардың өзгеріске түсуі және ерекше лепке ие болуы стильдік қолданыста сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне қарай құрылған. Бірақ мұндай өзгерістер мақал-мәтелдердің жалпы мазмұнына, мән-мағынасына, бүкіл тіркеске негіз болып тұрған бейнеге еш әсерін тигізбейді. «Мақал-мәтелдердің осылайша әртүрлі өзгерістерге ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар дейміз. Инварианттық өзгерістер көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоция-экспрессивті қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты», – деп саралайды Ә. Қайдар [8].

Тақырыптық тұрғысынан қарастырғанда, автор қолданысындағы мақал-мәтелдердің көпшілігі – *сөз құдіреті мен тіл қасиеті* секілді негізгі идеяға құрылған. Төмендегі мысалдарды оқи отыра, Ақылбек Шаяхметтің тілге, сөзге деген сүйіспеншілігін анық көре аламыз:

Екі жақтың ортасында жатқан тіл,
Ащыны да, тұщыны да татқан тіл,
Осы тілмен достарымды күлдірсем,
Осы тілмен дүниені бүлдірем («Неге, неге жақсы көрем тілді мен?»).

Қысын көрсең өмірдің, әрине, оның жазы бар,
Киім шіріп, тән тозар, өшпей жалғыз сөз қалар («Сөз»).

Жылы-жылы сөйлесең, іннен шығар жылан да,

Қатты-қатты сөйлесең, қаймығады қыран да («Сөз саптасы саналы көпке жетіп, артылған»).

Мақал-мәтелдердің әдеби тілге қатысын айта келе, әрбір мақалдың сөз саптауын, сөйлем құрылысын, ұйқасты, үйлесімді сөз орамдарын, сырт тұлғасының ғана емес, бір сөзбен бір сөз туындап, сыңғырлап ұқсас келуі, аз сөзбен көп мәнді аңғартуы, тәлімдік, тәрбиелік мәні – барлығы айшықты да айқын, ұшқыр да ұтымды екені көрсетеді. Әдеби тілдің сұрыпталған, сымбатты сипатын сақтап қана тұрған жоқ, сонымен қатар, әдеби тілдің икемділігін арттырып, дәлдігін айқындап, дамыта түседі.

5 Қорытынды

Сонымен, Ақылбек Шаяхмет қолданысындағы мақал-мәтелдер өлеңдердің көркемдік бояуын қалыңдатып, ширықтырып, тілдің эстетикалық қызметін күшейтіп, оның айшықтау тәсілдері арқылы, яғни мақал-мәтелдердегі қайталау, теңеу, ұлғайту, кішірейту сияқты дыбыс үндестігінің ұштасуы, олардың ұйқастығын күшейтілуі көркемдігін арттыра түседі. Сондықтан, мақал-мәтелдер терең ой толғанысы мен сөз маржандарының бірігуі арқылы үйлесім табады. Оның негізінде бір ой түйіні жататындығы, сол оралымды ой түйіні таңдап алынғандығын көреміз.

Мақал-мәтелдерді зерттеп, зерделеудің теориялық та, практикалық та маңызы өте жоғары. Мақал-мәтелді лингвистикалық тұрғыдан қарау, бір жағынан, ауыз әдебиетінің факті-

лерін қазіргі қазақ тілінің фактілерімен салыстыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, қазақ тілінің әрбір кезеңдегі даму үрдісін айқындауға да тарихи материал бола алады.

Ақын шығармаларында мақал-мәтелдердің құрылымы өлең сипаттас болып келеді. Белгілі дәрежеде дыбыс қайталауларына, рифмаға, ұйқасқа, олардың тармақтарының бастапқы және соңғы дыбыс үндестігіне негізделеді. Осылардың нәтижесінде мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнының бірлігі сақталып, сыртқы сұлулығы мен тыңдаушының көңілінен шыққандығын байқаймыз.

Жалпы алғанда, жинақталған мақал-мәтелдердің ішінде көптеп кездесетіні – жай сөйлемдер. Сөйтіп, мақал мен мәтел – қазақ ауыз әдебиетінің мол қазынасы, көлемі ең шағын халық шығармасы, қазақ халқының тұрмысын, кәсібін, салтын, ой-парасаты мен дүниеге көзқарасын көрсететін поэтикалық жанр деп білеміз. Мақал-мәтелдердің ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен өзгешелігі бар: ол мақал-мәтелдердің өмір талабына үйлесіп, жаңарып, толығып отыратын өміршендігінде, жасампаздығында.

Қазіргі таңда поэзиялық туындыларына мақал-мәтелдерді қосып, оларды орынды қолдана білудің маңызы өте зор. Себебі, мақал-мәтелдер өз оқырманына терең ой салып, даналық пен ізгілікке шақырады. Егер Ақылбек Шаяхмет секілді мақалдарды молынан қосып өлең шығаратын болсақ, болашақ жастарымыз ата-бабамыздан қалған бұл мұраны ешқашан ұмытпасы анық.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1980. – 92 б.
- 2 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: «Сөздік-словарь» баспасы, 2006. – 197 б.
- 3 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 25 б.
- 4 Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтелдердің синтаксисі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Астана, 2002. – 11 б.
- 5 Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 22 б.
- 6 Пернеқұл Ш.Қ. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: автореферат. – Алматы, 2004. – 24 б.
- 7 Сыздықова Р.Ғ. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы. – 34 б.
- 8 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1991. – 132 б.

Материал редакцияға түсті: 26.04.2019

БЕКБОСЫНОВА, А.Х., КАЛИЕВА, А.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРК В СТИХАХ АКЫЛБЕКА ШАЯХМЕТОВА

Пословицы и поговорки – источники народной мудрости. Они формировались на протяжении веков, существовали вместе с этим народом и развивались. В статье анализируется стилистическая функция пословиц и поговорок в стихах А.Шаяхметова.

Ключевые слова: пословицы, образность, концептуальная мысль, стилистические особенности, народная мудрость.

BEKBOSSYNova, A.KH., KALIYEVA, A.A.

THE USE OF PROVERBS IN AKYLBEK SHAYAKHMETOV'S POEMS

Proverbs and sayings – sources of national wisdom. They were formed over the centuries, existed together with this people and developed. The article analyzes the stylistic function of proverbs in A. Shayakhmetov's poems.

Key words: proverb, figurativeness, conceptual thought, stylistic features, folk wisdom.

Беркенова, Г.С.

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
психология және педагогика кафедрасының
доценті, тәрбие жұмысы басқармасының
басшысы, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ
Алимбаев, К.С.
«6М010300 – Педагогика және психология»
мамандығының I курс магистранты,
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ,
Қостанай, Қазақстан*

ТҮЛҒАНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Түйін

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу қоғамдағы аса өзекті мәселе. Әрбір білім алушы өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан хабардар болғаны жөн. Білім алушының қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы, оның құқықтық сауаттылық деңгейімен байланысты.

***Кілт сөздер:** сыбайлас жемқорлық, құқықтық сауаттылық, құқықтық мәдениет, білім алушылар, азаматтық қоғам.*

1 Кіріспе

Қазіргі уақытта мемлекетімізде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне ерекше назар аударылады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктеріне қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жолында үнемі жұмыс істеп, ахуалды жақсартып келеміз, дегенмен, кейбір азаматтардың табысты жасыру, қаржы мен мүлікті шетелге шығару, салық төлеуден жалтару арқылы көлеңкелі экономика жасап халықтық бюджетті ысырапқа салуда. Сөзден іске көшетін уақыт жетті, сыбайлас жемқорлықпен ашық күресетін кез келді», – деді өзінің халыққа Жолдауында [1].

Халықаралық қоғамдық ұйым «Transparency International» мәліметтеріне сәйкес Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлықтың индексі бойынша дүниежүзінің 180 елінің ішінен 2018 жылдың қорытындысы бойынша 124 орында. Бұл әрине мемлекеттік жедел шаралар қолданғанменде бұл аурудың алдын алу өте қиын екендігін көрсетеді [2].

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекеттіліктің негізі қаланып, демократиялық үрдіс жүріп жатқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттілікке аса маңызды мән-мағына беріледі. Сол себепті оны игеру білім алушылардың азаматтық парызы, қоғам талабы.

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу қоғамдағы аса өзекті мәселе. Әрбір білім алушы өз құқықтарын жете біліп, жалпы заң білімі саласынан хабардар болғаны жөн. Білім алушының қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы, оның құқықтық сауаттылық деңгейімен байланысты. Еліміздің заңнамасын білетін, заң аясында ғана әрекет етіп, еліне адал қызмет ететін азамат ғана мемлекетімізді жарқын болашаққа жетелей алады. Сондықтан білім алушылардың құқықтық сауаттылығын көтеру, және сол арқылы олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру өте маңызды.

2 Материалдар мен әдістер

Білім алушылардың құқықтық сауаттылығы қоғамда сыбайлас жемқорлықты рухани-этикалық деңгейде қабылдамау ахуалын қалыптастыруда мейлінше тиімді тәсіл екенін көрсетті. Осыған байланысты мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты шаралар болашақ түлектердің қызмет бейініне қарамастан барлық оқу орындарын қамтуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі [3].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет құқықтық сауаттылықпен тығыз байланысты. Құқықтық сауаттылық жоғары болған сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет те жоғары бола беретіні сөзсіз.

Білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жөніндегі құқықтық сауаттылық және тәрбиелеу жұмыстары мемлекетіміздің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты туғызатын және оған негіз болатын себептер мен шарттарды жоюға бағытталған мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бір бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбие педагогикалық кең мағынасында – бұл құнды ұстанымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімді қалыптастыру және білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты азаматтық ұстанымдардың қалыптасуы үшін қажетті қабілеттерді дамыту мақсатында арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын ықпал ету. Ауқымсыз педагогикалық мағынада – бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұйымдастыруға бағытталған арнайы ағартушылық және тәрбие жұмысы процесі мен оның нәтижесі [4].

Бұл тұрғыдан алғанда білім берудің аса маңызды бағыты сыбайлас жемқорлық көріністерін қабылдамайтын білім беру ортасын құру, сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын моральдық деңгейі жоғары, адамгершілігі мүлкісіз азаматтарды тәрбиелеу болуға тиіс.

Бүгінде жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу жұмысының теориясы мен практикасына басқаша зер салу керек. Азаматтық қоғамды нығайту және дамыту, құқықтық көзқарас тұрғысынан сауатты, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттері туралы қажетті ілімдерге ие, бұл білімдерді күнделікті өмірде қолдануға қабілетті, сыбайлас жемқорлықты өзінің азаматтық құқықтарының бұзылуы деп түсінетін және бұл құқықтарды қорғауға дайын азаматтарды тәрбиелеу қажеттілігі Қазақстанның барлық білім беру мекемелерінің өзекті міндеті болып отыр.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда білім алушылардың құқықтық сауаттылығын дамытудың, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Білім алушылар өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сол себепті, ең бастысы әртүрлі жас аралығындағы білім алушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбие әдістері мен құралдарының мақсатын, олардың мазмұнының, нысандарының ерекшеліктерін педагогикалық тұрғыдан қайта салмақтау қажет.

3, 4 Нәтижелер және талқылау

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін дамыту – бұл үздіксіз процесс, оның негізгі бағыттары:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы құндылықтарды сіңіру;
- 2) тиісті моральдық сенімдерді, қасиеттер мен сезімдерді қалыптастыру;

3) қажетті моральдық қажеттіліктер мен әдеттерді дамыту. Бұл бағыттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие міндеттерін білдіреді.

Бүгінде білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие жүйесінің мынадай негізгі компоненттері бөліп көрсетіледі:

– білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері жағдайларының болмауы;

– сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту ісі;

– білім беру субъектілерінің өзара іс-қимылы негізіндегі өмір-тіршілігі проблемаларын шешу тәжірибесін алу;

– білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана-сезімін қалыптастыру бойынша педагогикалық қызмет [5].

Бұл жүйеде әртүрлі жас кезеңінде қалыптасуы мүмкін бірқатар тұлғалық құрылымдарды бөліп көрсетуге болады.

Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыста (3-6 жас – әлеуметтік маңызды тәжірибені қарқынды жинақтау және әлеуметтік кеңістікте бағдар алу кезеңі) балаларға Отанға деген махаббат, туған табиғатқа махаббат және оны қорғау қажеттілігі, өзін қоршаған адамдар мен қазақстандық халықты құрметтеу, тәртіптілік, адалдық сияқты құндылықтарды сіңіруге айрықша көңіл бөлу керек.

Кіші мектеп жасында (7-10 жас-кемел балалық шақ, дене және рухани күш жинақтау уақыты) біршама өзгермеген түрде өмір бойы сақталатын тұлғалық қасиеттер мен саралардың қарқынды қалыптасуы жүзеге асырылады. Сондықтан бұл жаста рухани мәдениеттің қалыптасуының маңызы зор. Негізгі дүниетаным идеясы қоғамды тану заңдарымен байланысты болуға тиіс. Бұл ретте баланың ұғымды салмақтау білуіне, өз көзқарасын айтуына үйрету, оны қиын жағдайға қойып көру қажет.

Орта мектеп жасы (10-14 жас-жасөспірім кезеңі, балалардың өміріндегі күрделі кез) – бұл балалық шақта сіңірген рухани-эстетикалық қорын бекемдеу, оны салмақтап, байыту кезеңі. Бұл өмірлік кезеңнің нақты қиындығы әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі, рухани-эстетикалық пайымдауды дамытудағы өзіндік түйсіктің, өзін-өзі танудың, өзін-өзі бағалаудың бірте-бірте өспелі толқынын білдіреді. Бұл жаста патриотизм, интернационализм, өз Отанын мақтан ету, елдің қоғамдық құрылымын құрметтеу, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіп, адамның азаматтық құқықтарын білу және құрметтеу сияқты тұлғалық қасиеттерді сіңірудің маңызы зор.

Жоғары мектеп жасы (14-18 жас-жастық шақ) – бұл дене және психологиялық кемелденудің аяқталатын, қоғамдық пайдалы өндірістік еңбекке және азаматтық жауапкершілікке әлеуметтік дайын болатын кезең.

Бұл жаста сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылықты дамыту жүйелі, мақсатты және үздіксіз процесс болуға тиіс.

Студенттік кезеңді тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық сауаттылығын дамыту сенситивтік кезеңі деп санаған жөн, оның барысында кәсіби білім беру, сыбайлас жемқорлық проблемасын сезінуге мүмкіндік беретін еңбек қатынастарына біртебірте кірігу жүзеге асырылады. Бұл жағдайда жастар көбіне өз таңдауының дұрыстығына сенімділігін жоғалта бастайды, оған қоса сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі көріністеріне бейім бола бастайды. Осының салдарынан сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты дұрыс таңдау қажеттігі кезінде қиындық пайда болады. Осы орайда тұлғаның сыбайлас жемқорлық ұстанымын дамыту маңызды шарт болмақ [6].

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда білім алушылардың құқықтық сауаттылығын дамыту үшін төмендегі іс-шараларды жүзеге асырған жөн деп есептейміз:

1. үйірмелер;
2. кездесулер;
3. зияткерлік ойындар;

4. іскерлік ойындар;
5. дебат ойындары;
6. дөңгелек үстелдер;
7. пікір-талас;
8. ғылыми конференциялар
9. форумдар;
10. тренингтер, т.б.

Бұл ретте, білім алушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы идеялардың маңыздылығын сезініп қана қоймай, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет үшін практикалық біліктілікті игеру қызметіне қатысуы қажет, бұл олардың күрделі жағдайларда ойдағыдай бейімделуінің маңызды алғышарты болуы мүмкін.

5 Қорытынды

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруда білім алушылардың құқықтық сауаттылығын дамыту үшін білім беру мен тәрбиелеу процесіне үлкен орын беріледі. Сол себепті білім алушылардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты саласындағы және сыбайлас жемқорлық қатынастарының келеңсіз салдарлары мен қалыптасатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным туралы білім алушылардың білімін молықтыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттылықтың әлеуметтік маңызды іс-шараларын (акциялар, қозғалыстар, тренингтер, пікірталастар, конференциялар) жоспарлау және өткізу аса маңызды. Бұл міндет тәрбие процесіне жауапты оқу орындар қызметкерлеріне де, тікелей білім алушылардың өздеріне және олардың қоғамдық бірлестіктеріне де жүктелуі тиіс. Білім алушылардың ғылыми зерттемелеріне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шешімдерді дербес іздеуіне және сыбайлас жемқорлық, оның себептері мен оған қарсы күрес әдістері бойынша өз пайымдарын таныстыруға, сондай-ақ олардың жобалау қызметіне тартуға үлкен рөл берілуге тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Анализируя результаты исследования по методике на определение концентрации внимания, у детей, занимающихся научно-исследовательскими работами уровень концентрации внимания высокий – 36 человек (т. е. 15%). Низкий уровень в обеих группах не отмечается.

2. По результатам исследования по методике опосредованного запоминания не были выявлены различия в запоминании слов у детей разного возраста, а также, в какой школе они обучаются, инновационной или же обычной средней школе. Однако, как показали наши исследования, на запоминание влияет увлеченность детей и научно-исследовательская деятельность.

3. Было выявлено, что большинство заявленных работ приходится на естественно-математическое направление и составляет около 50% от всех. На основании результатов проведенного анкетирования 73,3% учащихся предпочитают естественно-математическое направление.

4. Исследовательские уроки по биологии могут способствовать формированию умений, навыков, развитию личности учащихся, в том числе направлены и на развитие критического мышления.

Таким образом, важность и необходимость постоянного применения исследовательских методов на уроках биологии очевидна.

Список литературы

- 1 Дереклеева, Н.И., Добриневская А.И. Научно-исследовательская деятельность учащихся и учителей: необходимые условия и алгоритмы организации. – 2010. – №9. – С. 27–40.
- 2 Лурия А.Р. Лекции по общей психологии. – СПб.: Питер, 2006. – 128 с.
- 3 Степанова М.В. Учебно-исследовательская деятельность школьников в профильном обучении: Учебно-методическое пособие для учителей // Под ред. А.П. Тряпицыной. – СПб.: КАРО, 2005. – 96 с.
- 4 Тяглова Е.В. Методика апробации результатов исследовательской деятельности учащихся // Школьные технологии. – 2007.

Материал поступил в редакцию: 18.06.2019

РУЛЁВА, М.М., СЕКСЕНБАЕВА, А.Р.

ОҚУШЫЛАРДА БИОЛОГИЯ САБАҒЫН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЗЕРТТЕУШІЛІК ШЕБЕРЛІГІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

Бұл мақалада биологияны оқыту барысында оқушылардың зерттеу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру тиімділігін зерттеу нәтижелері көрсетілген. Қостанай қаласының бірқатар мектептері оқушыларының зерттеу әрекетінің деңгейін анықтау бойынша жұмыс жүргізілді, сондай-ақ биология пәні бойынша зерттеу сабақтарын қою нұсқалары сипатталған.

Кілт сөздер: зерттеу, биология, сыни ойлау, дағды, зейінділік.

RULYOVA, M.M., SEKSENBAEVA, A.R.

THE STUDY OF THE EFFICIENCY OF FORMATION OF RESEARCH SKILLS AT PUPILS IN THE COURSE OF TEACHING BIOLOGY

This article presents the results of a study on the effectiveness of the formation of research skills of students in the process of teaching biology. The work was carried out to identify the level of research activity of students in a number of schools in Kostanay, and also described options for setting research lessons in biology.

Key words: research, biology, critical thinking, skills, attentiveness.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ӘОЖ 37.02

Кушмурзина, Д.Х.

*педагогика ғылымдарының магистрі,
МД және ББ кафедрасының аға оқытушысы,
Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ,
Қостанай, Қазақстан*

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТАНЫТУ

Түйін

Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтар, жалпыадамзаттық құндылық, ұлтжандылық, рухани байлық ұғымдарын түсіндіре отырып таныту үшін мұғалімнің күнделікті оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауда оқулықта берілген оқу материалдарынан тыс қосымша мәліметтерді кеңінен қолданудың әдіс-тәсілдері берілген. Себебі, ұлт тағдыры – ұлттық құндылықтар. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде т ұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Елдің өткенін, тарихты, мәдениетімізді етене таныстыру ең алдымен қолға алынатын істердің бірі.

***Кілт сөздер:** құндылық, ұлттық құндылық, тарихи жәдігерлер, мәдени-тарихи мұралар, жас ұрпаққа дәріптеу, ұлттық сана, ұлтжандылық.*

1 Кіріспе

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының мәні зор. Онда «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев баса айтқан болатын [1].

Бұдан ел болашағы қазіргі жас буынның білімі мен рухани тәрбиесіне ел боламын десек, яғни.

Ұлт тағдыры – ұлттық құндылықтар. Ұлттың, елдің дамуында ұлттық құндылықтардың алар орны ерекше. Ұлттық құндылықтар – олардың тарихи өзіндік ерекшелігі Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет және тағы басқалар сияқты көрініс тапқан қандай да бір этностық қауымдастық өкілдерінің рухани идеалдарының жиынтығы.

Ұлттық құндылық – ұлттар мен этностардың тұрмыстық, экономикалық, саяси, философиялық, адамгершілік, ар-ұяттық, діни көзқарастар мен әрекеттерінің жиынтығы болып табылады. Қазақ қоғамының тарихи кеңістігінде ел болмысының рухани негіздеріне айналған ұлттық сана құбылыстары ең алдымен жеке адамның ерік жігеріне әсер етеді. Табиғатпен етене араласқан қазақ халқы рухани өмірде де елдікті, ұрпақтың ауызбіршілігін сақтайтын қасиеттерді қалыптастырып, кейінгі буынға жеткізуді өздерінің алдарына мақсат еткен [2].

«Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан

болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет болып отыр. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді [3].

2 Материалдар мен әдістер

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды танытуда оқу-тәрбие үрдісінде дамыта оқыту және сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы, сонымен қатар, диалогтік оқыту әдісі, дидактикалық ойындар мен халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, жұмбақ, өтірік өлең, жаңылтпаш, т.б.) түрлерін қолданып, әр оқушының ұлттық санасын қалыптастыру көзделеді.

Бұл өз кезегінде сабақта түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың қазақ халқының ұлттық құрал-саймандары, әшекейлері, музыкалық аспаптары мен салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың сөздік қорлары мен сөйлеу креативтіліктерін дамытып, ұлттық санасы мен ұлтжандылық сезімдерін тәрбиелейді.

Бұдан «Оқу-тәрбие үрдісінде оқушылар ұлтжандылыққа қалай тәрбиеленеді?» деген сұрақ туындайды. Бұл, мұғалімнің құзырлығындағы мәселе, себебі алғашқы ұлттық тәрбиені түсіндіріп, отансүйгіштік пен ұлтжандылықты оқушы бойына сіңдіретін және ұлттық мәдениетті қалыптастыратын да осы – бастауыш сынып мұғалімдері. Сондықтан әр мұғалім күнделікті оқу-тәрбие үрдісін жоспарлауда оқулықта берілген оқу материалдарынан тыс қосымша мәліметтерді кеңінен қолданып, оқушының рухани білімі туралы жан-жақты ақпарат алуларына барынша жағдай жасауы керек. Ол үшін қазіргі оқу-тәрбие үрдісінде бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар арқылы Рухани жаңғыру идеясын түсіндіруде оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолданудың әдістемесін көрсетуді мақсат еткен дұрыс. Сонымен қатар, егерде ұлттық құндылықтар сабақ барысында жүйелі түрде қолданылса, онда оқушылардың ұлттық санасы, сөйлеу креативтілігі, сөздік қорлары және ұлтжандылықтары дамиды.

Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық рухани құндылыққа негіздейтін бұл, әрине – білім. Сондықтан жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берілу қажет. Елдің өткенін, тарихты, мәдениетімізді етене таныстыру ең алдымен қолға алынатын істердің бірі. Ұлттық құндылықтар жайында айтқан даналарымыздың һәм даналықтары жас жеткіншектің бойын да, ойын да түзейді. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы қажет уақытта, қажет жерден шыққан мақала. Бұл – қарапайым мақала емес, қазақ елінің рухани құндылықтарын қалпына келтіретін заман талабын ескере отырып, тура жолға қоятын және дамуға арналған бірден-бір бағдарламалық құжат. Бастауыш сынып оқушылары үшін де, «ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды».

Қазақта: рухани бай адам, адамның рухы, рухы жоғары, рухани байлық, ұлттық рух, рухани ұстаз, т.с.с. фразеологиялық сөз тіркестері көп кездеседі. Осы сөздерге зер салы отырып, «рух» деген сөздің адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады. Оның адам бойындағы кездесетін жақсы қасиеттер мен жасайтын игі істерінің қайнар көзі екендігі айтпаса да белгілі [3].

Міне, осы сөз тіркестерінің түп тамыры «рух» сөзінің мәні мен мағынасын бастауыш сыныптан бастап ұғындыру үшін күнделікті сабақтарда ұйымдастырылатын жұмыс түрлері, оқытылатын оқу материалдары ұлттық болмысты қалыптастыратындай етіп құрылып, олардың «Рухани жаңғыру» идеясын түсінулеріне негізделуі қажет.

Елбасымыз өз мақаласында: «Ұлттық салтымыз, тіліміз, музыкамыз, әдебиетіміз, жөн-жоралғыларымыз, жалпы айтқанда ұлттық құндылықтарымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» деп, ұлттық рухани байлықтарымызды дәріптеп, сол арқылы ұлттық болмысымызды сақтап,

оны одан әрі дамыту керектігін айтқан болатын. Осы тұрғыдан ұлттық құндылығымызды сақтау үшін, руханилығымыздың қайнар көзі – Абайдың даналығы, Әуезовтың ғұламалығы, Жамбылдың жырлары, Құрманғазының күйлерінің мәні зор [1].

Солардың бірі, қазақтың бас ақыны Абай атамyzдың қай шығармасын алсақ та, рухани құндылыққа тәрбиелейді, адамгершілікке, достыққа, парасаттылыққа, рухани бай өмірге, еңбекке, өнер-білімді меңгеруге шақырады. Мысалы: «Ескілік киімі» өлеңінде:


*Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен
Тон қабаттап, кигенім – шидем шекпен
Жейде-дамбал ақсаңнан, жарғақ шалбар
Жырық балақ матамен әдіптеткен
Мықшима аяғымда былғары етік
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе жанымда жез салдырған,
Шақпағым, дәңдәукім жарқ-жұрқ еткен
Күләпәра басымда, пұшақ тұмақ [4].*

Бұл өлеңде ертедегі қазақ жігітінің киген киімі, сауыт-сайманы, ер-тұрманы, жасалу жолдарын бәрін осы бір төрт ауыз өлең жолына сиғызып шебер суреттейді. Міне, осы өлең жолдарының өзі бастауыш сынып оқушыларына рухани байлықты тереңінен сіндіре алады. Осының негізінде қазақ жігіттерінің, яғни нағыз ер адам киімінің қандай болғандығын талдап, Абай атамyzдың теңеу сөздерінің мән-мағынасын түсіндіре отырып, оқушылардың сөздік қорларын, сөйлеу креативтіліктері мен ұлттық санасын жетілдіруге мүмкіндігі зор. Сонымен қатар, осы өлең шумақтарының мазмұнын еліміздің бірнеше жерінен табылған «Алтын адам» бейнесін көрсету арқылы да дәріптеуге болады. Бұл өз кезегінде оқушылардың тарихымызды біліп, ұлттық ерекшелігімізді түсініп және «ұлттық құндылық» деген ұғымның мәнін тереңінен игерулеріне ықпал етеді. Және де оқушыларға «Алтын адам» бейнесін көрсете отырып, осы баға жетпес қазынамыздың қай жерлерден және нешеуі табылғандығы туралы мағлұмат жинатып, жалпы сипаттама жасату сияқты (үстінде неше алтын бөліктері бар, қандай бейнелер бейнеленген, т.б.) ізденушілік тапсырма беру арқылы танымдық қызығушылықтарын да арттыруға болады. Себебі, Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» құнды тарихи жәдігерлер, мәдени-тарихи мұралар, тарихи құндылықтар, тарихи деректер, тұнып тұрған көне тарихи шежіре, өз дәуірінің лауазымды тарихи тұлғалары және де қилы тарихымыздың даңқын алысқа жеткізген асыл сүйекті бабаларымыз. Қалай десек те, Алтын адам – Қазақстанның ең құнды жәдігері, елдігіміздің символы [5].

Сонымен, мектеп бағдарламасына енгізілмеген деректерге, мысалдарға, ескерткіштерге және тарихи-археологиялық ескерткіштерге саяхат жасату арқылы танымдық-ізденушілік сипаттағы жұмыс түрлерін ұйымдастырған өте тиімді. Мысалы, «Алтын адам» бейнесі бойынша мынадай сұрақтар беруге болады:

1. Алғашқы «Алтын адам» қай жерден табылды?
2. Бас киімі қаншаға жуық әшекей заттармен безендірілген?
3. Үшінші «Алтын адам» қай жерден табылды?
4. Үшінші «Алтын адамды» тапқан археологтар қауымы кімдер?

Міне, осындай сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың ізденушілік жұмысқа деген қабілет деңгейлерін анықтай алады. Сонымен қатар, әрбір оқушының ізденушілік әрекетін жетілдіре түсу үшін оқыту әдістерінің бірі «Кластер» әдісін де қолданған тиімді. Онда оқушылар «Алтын адам» бейнесіне жан-жақты сипаттама бере отырып, әр табылған құнды жәдігердің өзіндік ерекшелігін танып біледі және «тарихи-археологиялық зерттеу», «қазба жұмыстары», «археолог» сынды ұғымдардың да мән-мағынасын түсінеді, олардың біз үшін қаншалықты құнды дүние екендігін ұғынады.



Сурет 1 – «Алтын адам» бейнесіне сипаттама

Сонымен, тек «Алтын адам» бейнесі ғана емес, сонымен бірге әр түрлі колөнер бұйымдарын, ескерткіштерді, көне жерлерді, ұлы ғұламаларымызды таныстыра отырып, олардың біз үшін қаншалықты құнды дүние екеніндігі туралы да сабақ барысында айтылып, әр бала санасына ұялату, ұлтжандылыққа тәрбиелеу қажет. Мысалы, солардың бірі де бірегейі – қазақи зергерлік әшекей бұйымдар. Міне, осы бір ұлттық құндылықты дәріптеу, олардың өзіндік ерекшелігі мен маңызын танытуда бастауыш сынып оқушыларына мына тапсырманы ұсынуға болады:


Тапсырма: Төмендегі суреттерге қарап, тұсына атауларын жаз. Пішіндеріне қарай, жасалу жолдары жайында әңгімеле.



Сурет 2 – Зергерлік әшекей бұйымдар

Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар қазақи зергерлік әшекей бұйымдарының атауларын білетін болады, жасалу жолдарымен танысады, олардың өзіндік пайдасы мен ұлттық маңыздылығын ұғынады. Әрі «*Неліктен ата-бабамыз күмістің қасиетін басқа металдарға қарағанда ерекше деп есептеген?*» дегендей сұрақ қоя отырып, аналарымыздың, әжелеріміздің қолындағы күмістен жасалған әшекейлердің адам денсаулығына, ішер астың тазалығына, емдік ретінде де, сән үшін де тигізер әсері мол екендігін ұғындыра аламыз. Бұл ерекшеліктерді оқушылардың бірі білсе, бірі білмес. Сол себепті ата-бабамыз қолданған әр бір заттың құндылығын, тигізер әсерін, біз үшін баға жетпес асыл қазына екендігін ұғындыруымыз қажет.

Өскелең ұрпаққа, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықты қазақи өзіміздің дәстүрлі фильмдерімізден үзінді көрсету арқылы да ұғындыруға болады. Мысалы, «Алдар көсе» фильмінен немесе мультфильмінен үзінді көрсетіп, оқиға желісі мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылап болған соң, өздерінің іс-әрекеттерімен салыстыру арқылы адами құндылықтарды бойларына сіңіруге болады. **Тапсырма:** Алдар Көсе мен өзіңнің іс-әрекеттеріңді салыстыр.



Сурет 3 – «Кластер» әдісі

Оқушыларға сонымен қатар мына төмендегідей сұрақтарды қоюға да болады:

1. Алдар көсе қандай адам?
2. Ол жайлы тағы не білесің?
3. Алдар көсенің орнында болсаң не істер едің?
4. Оның іс-әрекеттері дұрыс па?

Мультфильм желісі бойынша тоқталатын ұлттық нақыштағы бұйымдар жетерлік.

Мысалы: қазақи ұлттық нақыштағы киім үлгілері, киіз үй, әр түрлі әшекейлер мен ою-өрнектер, ыдыс-аяқтар және т.б. Сондықтан мультфильмнен үзінді көрсету кезінде оқушылардың осы заттарға үлкен мән берулерін қадағалаған жөн. Әсіресе, неліктен дәл осы «Алдар көсе» мультфильмінде заманауи үйлерді, киімдерді, заттардың берілмегені жөнінде оқушылармен пікірлесе отырып, талқылау қажет және ұлттық құндылықтарымыздың әлі де аңқып тұрған иісін бала мұрнына жеткізу, санасында қалыптастыру, жаңғырту қажет. Себебі, осының барлығы біздің қазақ деген болмысымыз, біздің нағыз шынайы құндылығымыздың жиынтығы. Ешқандай затқа алмастыруға келмейтін ең басты, аса бағалы құндылықтарымыз. Дәл осыларды көрсету арқылы біз бала бойында ұлттық құндылықтарымызды сіңіре отырып, рухани бай тұлға қалыптастырамыз.

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды таныта отырып, олардың өн бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңдіру үшін мұғалімге жоғарыдағыдай сан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға тура келеді. Қазіргі кездегі заман талабына сай әдіс-тәсілдермен білім алған бала ізденіп қана қоймай, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына дарытып, рухани құндылыққа бай тұлға болып қалыптасады.

XX ғасырдың 20 – 30 жылдарында елімізде этнопедагогикалық пікірлердің дамуына үлес қосқан қазақ ағартушылары жетерлік. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтың, т.б. еңбекерінен бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықты, тәрбиені дұрыс меңгерту жайында және оларды жүзеге асыру жолдары нақты сипатталған.

Жоғарыдағы аталған еңбектер мен тұжырымдарды негізге ала отырып, бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды таныта отырып, олардың негізгі мән-мағынасын ашуда жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді, түрлі танымдық-ізденушілік және шығармашылық тапсырмаларды кеңінен қолданып, оқушылардың ұлттық санасын рухани жағынан жаңғырту және сол арқылы олардың сөйлеу креативтіліктерін, сөздік қорларын, ұлттық болмыстарын қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз.

5 Қорытынды

Сонымен, осындай бай мұраны жас ұрпаққа дәріптеу, одан әрі оны жаңғырту, рухани бай ұрпақ қалыптастыру біздің басты міндетіміз. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі!

Қазақ халқының көрнекті қайраткері Мұстафа Шоқай: *«Ұлттық құндылықтардан жәрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»* деп өзінің пікірін білдірген болатын.

Қайсыбір халықтың тарихына көз жүгіртіп қарар болсақ, ең алдымен тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарына үңілетініміз анық. Оның дәлелі Елбасы өзінің бағдарламалық мақаласында «Біз әлемдегі өркениетті елдерге мәдениетімізбен, ұлттық рухани құндылықтарымыз арқылы таңылуымыз қажет» деп айтқан болатын.

Міне, біздер енді, осы өнегелі сөзді арқау ете отырып, бабалардың біздерге мирас етіп қалдырған рухани бай мұрасы мен құндылықтарың жас өскелен ұрпақтарға насихаттап, мәдениет ұлттың мәйегі екенін дәлелдеп, елдік рухани мүддемізді әлемдік деңгейде жаңғырта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», Егемен Қазақстан, 26.04.2017. – 18 б.
- 2 Бас редактор: Ерлан Сыдықов «Мәңгілік ел» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи

журналы. – Алматы, «Pride Print» баспасы. – 2013. – 108 б.

3 Рухани жаңғыру – ұлт құндылықтарының жаңаруы. [Электрондық ресурс]. Қолдану режимі: <https://e-history.kz/kz/publications/view/>.

4 ZHARAR «KZ» «Қазақша Өлеңдер жинағы» Өлең: Абай Құнанбаев (Ескілік киімі). [Электрондық ресурс] Қолдану режимі: <https://www.zharar.com/kz/olen/>.

5 Қазақстан жерінен табылған «Алтын адамдар» құнды тарихи жәдігерлер. [Электрондық ресурс] Қолдану режимі: <https://infourok.ru/azastan-zherinen-tabilan-altin-adamdar-ndi-tarihi-zhdigerler>.

Материал редакцияға түсті: 21.05.2019

КУШМУРЗИНА, Д.Х.

РАЗЪЯСНЕНИЕ ЗНАЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ УЧАЩИМСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Национальная ценность – совокупность бытовых, экономических, политических, философских, нравственных, моральных, сознательных, религиозных взглядов и установок наций и этнических групп. Судьба нации – это национальная ценность. Ценности можно воспринимать через чувство, а через сознание понимать, в результате чего личность приобретает ценность, действует в соответствии с ней. Поэтому каждый учитель должен максимально использовать дополнительные сведения, которые не являются учебными материалами, предоставленными в учебнике при ежедневном планировании учебно-воспитательного процесса, и создавать условия для получения учащимися всесторонней информации о духовных знаниях. Первое, что нужно сделать, это представить прошлое, историю и культуру нашей страны.

Ключевые слова: ценности, национальные ценности, исторические реликвии, культурно-историческое наследие, разъяснение молодому поколению, национальное сознание, патриотизм.

KUSHMURZINA, D.KH.

EXPLANATION OF MEANING OF NATIONAL VALUES FOR STUDENTS OF INITIAL CLASSES

National value – a set of domestic, economic, political, philosophical, moral, moral, conscientious, religious views and attitudes of nations and ethnic groups. The fate of a nation is a national value. Values can be perceived through feeling, and through consciousness understood, as a result of which a person acquires value, acts in accordance with it. Therefore, each teacher should make maximum use of additional information that is not teaching materials provided in the textbook during the daily planning of the educational process, and create conditions for students to receive comprehensive information about spiritual knowledge. The first thing to do is to imagine the past, history and culture of our country.

Key words: values, national values, historical relics, cultural and historical heritage, an explanation to the younger generation, national consciousness, patriotism.

ӘОЖ 740

Сұлтанбекова, Ж.Х.

МД және ББ кафедрасының аға оқытушысы

Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ

Өтебай, Н.Р.

«5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және

тәрбиелеу» мамандығының 4 курс студенті,

Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,

Қостанай, Қазақстан

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Түйін

Мақалада қазақ халқының латын әліпбиіне көшудегі мақсаттары туралы айтылады. Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһан-

дану кезеңінде Елбасы көрегендік танытып, алдымызға латын әліпбиіне толықтай көшу үдерісін қойып отыр. Сонымен қатар қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы – жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашылатындығы жөнінде айтылатындығы жазылған.

***Кілт сөздер:** латын әліпбиі, Елбасы, Қазақстан халқы, қазақ тілі, мемлекеттік тіл, ұлтаралық қатынас.*

1 Кіріспе

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» – деп айтқан еді. Сонымен қатар, «Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады» – деген болатын. Бүгінгі күнгі бұқаралық ақпарат құралдары мен зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді. Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Түркітекес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа енгізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде ХХ ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А. Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», – деген болатын. Бұл – ХХ ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын. Қазір адамзат баласы ХХІ ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Сондықтан, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ [1].

2 Материалдар мен әдістер

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», – деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Біз

латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді? Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол – табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы өте зор.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіліміз болып табылады. Осы тұрғыда қарағанда, жазуымызды латын әріптеріне көшірудің мемлекеттік тілдің дамуы мен қолданыс аясын кеңейтуге де қосар үлесі зор деп білеміз. Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміз керегесін кеңге жайып, егеменді елімізбен қатар дамып, мемлекеттік тілге деген сұраныс та артып келеді. Сондықтан Қазақстан сияқты бүкіл әлемге танылған елдің мемлекеттік тілінің жазуы да заман талабына сай келуін күнделікті өмірдің өзі талап етіп отыр. Қазір шетелдермен әр түрлі саладағы байланыстардың күшеюіне байланысты осы шараларды рәсімдеу құжаттарын жазуда латын әріптерінің қажеттілігі анық байқалады. Сондай-ақ Елбасының мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы сарабал саясаты, оның шетелге барған сапарында БҰҰ мәжілісінде қазақ тілінде сөйлеуі қазір мемлекеттік қызметтегі адамдарға ерекше ықпал етті деп айта аламыз. Қазір шетелден келушілер саны көбейіп, Қазақстанға әлемнің назары ауып отырған тұста еліміздегі өзге ұлттармен қатар, шетел азаматтарының да мемлекеттік тілді үйренуге деген ынтасы артып отыр. Мысалы, кешегі Қытай жерінде өткен ән додасында жерлесіміз Димаш Құдайбергеновтың қазақ тілінде ән айтып, елді аузына қаратуы, әншінің шетедік жанкүйерлерінің қазақша ән айтуға, қазақ тілін үйренуге деген ықыласын оятқаны баршаға аян. Қазіргі Қазақстанның дамып, әлем көз тіккен талай маңызды шаралардың ұйтқысы болуы, оның мемлекеттік тілі мен жазуының да осы биіктен көрінуіне түрткі болып отыр. Осындай көптеген жағдайлар, күнделікті өмірдің өзі, жаңа технологиялар заманы қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің қажеттілігін алға тартты. Сонымен бірге қазақ жазуының латын әріптеріне көшірілуі ел болашағы – жас ұрпақтың оқу-білім және ғылым жолындағы ізденістеріне де жол ашады. Қазіргі заман – жазу заманы, ғылым мен техника, оқу-білім, ақпарат, жаңа технологиялар заманы. Адам жазу арқылы білім алады, жазу арқылы бір-бірімен байланыс жасап, жүрген-тұрғанын, жасаған жұмыстарын да жазып отырады, яғни хаттама, түрлі қатынас іс қағаздары, компьютер, интернет т.б. арқылы хабарласулар – бәрі де жазу арқылы жүзеге асады. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б. латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Осы жаңа заманда өмір сүріп, білім алу, еңбек ету, белгілі бір мамандықты игеру, т.б. адамның белсенді іс-әрекеттері мемлекеттік тіл мен ағылшын тілінен, оның жазуынан айналып өте алмайды. Сондықтан латын әріптері өркениеттің жазуы ретінде өмірдің өзі талап етіп отыр-

ған басты қажеттіліктердің бірі деп білеміз. Латын әріптерімен жазу арқылы басқа тілді де меңгеру, оны жазу да бір-біріне жақындап, бір әріптен екінші әріпке ауысып отыру қиындығын жеңілдетіп, тілдің қолданысына да оң әсер етеді. Осындай жағдайда білім алып, мамандығын шыңдап жатқан жастарға әлемнің қай жерінде жүрсе де кедергі келтірмей, жұмысын жеңілдете түсуге ықпал етеді. Ендеше латын әліпбиінің болашағы да зор [2].

Жұртшылықпен кездесулерде: «Қазақтың жаңа латын әліпбиінде неше әріп болады, қазіргі әліпбиіміздегі 42 әріпті латын әрпімен ауыстыра саламыз ба?» – деген сұрақ көп қойылады. Орынды сұрақ. Көпшілік жұрт әліпби ауыстыру дегенді бір таңбаны екінші таңбаға алмастыра салу деп түсінеді. Ол дұрыс емес. Біз үш мәселеге назар аударуымыз керек, алдымен тілдегі дыбыстар санын анықтау, одан кейін сол дыбыстарға сай әріптермен таңбаланған әліпби жасау, одан кейін осы әріптермен жазудың емле ережелерін жасап бекіту қажет. Біз қазіргі әліпбиіміздегі 42 әріпті латын әрпімен сол қалпында ауыстыра салатын болсақ, оның пайдасы болмайды. Біз алдымен таза қазақы әліпби жасауымыз қажет. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының латын алфавитіне өтудің өзіндік қиындықтары болатындығы анық. Онда: алфавит ауыстырып, оны үйрену, сауатты жазуды меңгеру, бұрынғы шығармаларды қайта аудару және тағы басқа мәселелер бар. Бірақ, қарап отыруға тағы болмайды. Сондықтан, ортақ тоқтам жасалған жаңаша алфавитті мемлекеттік деңгейде бірнеше нұсқа ішінен тандап алып, соны ҚР Үкімет қаулымен бекіту қажет. Одан кейін сол латын алфавитін балабақшаларда, орта мектептерде және ЖОО-да үйрету керек. Яғни, оны жазу мен оқуды үйретудің бірнеше сатылы мемлекеттік механизмдерін ойластыруы тиіс. Олар қандай деңгейде жұмыс жасау керектігі анықталуы шарт. Осы аталған мәселелерді мемлекет тарапынан қадағалайтын, бақылайтын арнайы мекеме қызметкерлері болуы қажет. Кейбір адамдар халықтың жаңа әріптерді меңгеруі, әсіресе, қарттардың оқып жазуға бейімделуі қиын болатынын алға тартып жатады. Қандай іс қылсаң да, ол оңай бола қоймайды, оның қиындығы да қоса еріп жүреді. Сондықтан «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» дегендей, қиындықтан қорықпау керек. Тілдің болашағы – елдің болашағы. Жазуымызды латын әліпбиіне көшіру бір күннің ісі емес, ол осы жазуымызбен қатар жүріп, елдің көзі үйреніп, көңілі орнына түсіп, жаңа әліпбиді әбден меңгеріп кетуіне мүмкіндік жасайды. Қазірдің өзінде жастар ұялы байланыс кезінде бір-біріне осы латын әріптерімен хабарлама жібереді. Айналадағы түрлі мекемелер, банктер, машина маркалары, көше жарнамалары т.б. латын әріптерімен жазылған сөздерді барлығымыз да жатсынбай оқып, түсініп жүрміз. Ал жастарымыздың барлығы да мектептегі ағылшын сабағынан латын әріптерін жақсы меңгергенін білеміз. Әр істің өз қиындығы бар дегендей, орыс мектептерінде оқитындар бұрынғы жазумен жүретін болса да, көштен қалмай, олар да осы елдің азаматтары ретінде латын әріптерін меңгеруге ұмтылады. Ал кейбір пікір айтушылардың латынға көшкен кезде «орысша оқығандар латын әріптерін меңгермей қалады, қазақша оқығандар орыс тілінен алыс қалады» деген сөздері ешбір қисынға келмейді. Қазір біздің жастарымыз ағылшын тілін аз уақытта қалай меңгеріп алса, орыс тілін де солай тез меңгереді. Себебі қазіргі өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі өте жақсы, елімізде қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқуға ерекше қамқорлық жасалып отырғаны да баршаға аян.

5 Қорытынды

Қорыта айтқанда, кез-келген әліпбидің міндеті графикалық (әріптің дыбысты таңбалау, көру, оқу, жазуға оңтайлы болуы), лингвистикалық (тілді дәл жеткізуі), техникалық (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) талаптарға сай болуы керек. Қазіргі таңда латын әліпбиі осы талаптар биігінен көрініп, үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Қазіргі әліпбиімізге байланысты жазуымызда орын алған қиындықтарды түзетіп, тіліміздің табиғи айтылымына қайшы келетін кемшіліктерімізден арылатын кез келді. Әр сөзді бабалар салған жолмен ұлттық үндесіміне қарай айтуымыз үшін жарыса қапталдап кедіргі келтіріп келген ескі әліпбиімізді латын әліпбиіне ештеңеден қорықпай алмастыра салуға мүмкіндік туды. Латын әліпбиін кезінде профессор Қ. Жұбанов та қолдап, осы әліпбиді қазақ тіліне бейімдеу бағытында белсене жұмыс жасаған еді. Қазір

әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдері латын әліпбиін қолданады, латын әріптері – өркениет жазуы, өмір талабы, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, біз де өз мақсатымызға сай латын жазуының игілігін көруіміз қажет [3].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әмірбекова А. Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту. – Алматы, 2017.
- 2 Дәуіржан Т., Иманбаева Д., Есенбаев Ғ. Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі // Ана тілі. – №37.
- 3 Сыздық Р. Тіл тазалығына ереше мән беру керек // Егемен Қазақстан. – 21 шілде 2011 ж.

Материал редакцияға түсті: 15.05.2019

**СУЛТАНБЕКОВА, Ж.Х., ӨТЕБАЙ, Н.Р.
ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ – ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ**

В статье рассматриваются цели перехождения казахского народа в латинский алфавит. В период глобализации развития образования и науки, экономики, бизнеса, политики, общего соперничества Первый Президент РК в своих Посланиях к народу Казахстана подчеркивает необходимость знания латинского алфавита как требование времени. Кроме того, перехождение казахского языка в латинский алфавит является открытием для молодого поколения, которое и есть будущее нашей страны.

Ключевые слова: латинский алфавит, Глава государства, народ Казахстана, казахский язык, государственный язык, международные отношения.

**SULTANBEKOVA, ZH.KH., OTEBAY, N.R.
TRANSITION TO LATIN – TIME REQUIREMENT**

In the article importance of the Kazakh people's transition to the Latin alphabet. During the globalization of the development of education and science, economy, business, politics, general rivalry, the First President of RK in his Addresses to the people of Kazakhstan emphasizes the need for knowledge of the Latin alphabet as a requirement of the time. In addition, the transition of the Kazakh language into the Latin alphabet is an opening for the younger generation, which is the future of our country.

Key words: trilingualism, head of the state, people of Kazakhstan, the Kazakh language, state language, international relations.

**МЕРЕЙТОЙЛЫҚ ҚҰТТЫҚТАУЛАР
ЮБИЛЕЙНЫЕ ПОЗДРАВЛЕНИЯ****ПОЗДРАВЛЯЕМ С ЮБИЛЕЕМ КАНДИДАТА ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК,
ДОЦЕНТА, АССОЦИИРОВАННОГО ПРОФЕССОРА
КАФЕДРЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК
ЧЕРНЯВСКУЮ ОЛЬГУ МИХАЙЛОВНУ!**

Выпускница кафедры химии, Ольга Михайловна, окончила Костанайский педагогический институт с отличием в 1986 году. Работала в школе, техническом училище, КинЭУ им. М. Дулатова, КГУ им. А.Байтурсынова, в настоящее время трудится в КГПУ им. У. Султангазина.

В 2006 году защитила кандидатскую диссертацию на тему «Формирование экологической ответственности личности средствами экологоориентированной образовательной среды» по специальности 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования в Уральском государственном педагогическом университете. В 2010 году ей присуждено ученое звание доцента.

На всех участках работы Ольга Михайловна проявляет мастерство педагога, руководителя и специалиста-химика. В период работы в школе была номинантом первого Республиканского конкурса учителей химии. Прекрасный преподаватель, владеющий огромной базой знаний и арсеналом приемов их реализации в учебном процессе. Постоянно работает над повышением своей квалификации, только за последние годы освоила программы «Инновационные технологии в обучении», «Создание учебного видео-контента», «Training HEREs and University Staff in Using ICT in the Teaching and Learning Process» и др., участвовала в работе ряда семинаров по проблемам образования и организовывала их. Будучи куратором инициирует участие студентов в различных онлайн-соревнованиях – Республиканской дистанционной педагогической олимпиаде «Мое призвание – педагог», в Международном конкурсе по химии «Виват, химия», во Всероссийской олимпиаде по химии и др., где студенты занимают призовые места.

Активно сотрудничает с органами образования, принимает участие в повышении квалификации работников образования, рецензирует и консультирует проекты школьников, входит в состав жюри олимпиад и конкурсов по химии разного ранга. В 2019 году руководила командой студентов, которые заняли первое место в Республиканской олимпиаде по химии.

Обладая высокой профессиональной квалификацией и компетентностью, Ольга Михайловна востребована в различных областях деятельности на вузовском, региональном и республиканском уровнях. В КГПУ участвует в создании модульных образовательных программ, в экспертизе учебных и научных разработок авторов. Организованные ею методические семинары, например, «Педагогические подходы в обновлении обучения химии в школе», проходят в атмосфере высокой активности участников. На республиканском уровне Ольга Михайловна участвовала в реализации ряда проектов по разработке государственных стандартов. В 2017-2018 гг. была руководителем рабочей группы по разработке профессионального стандарта по направлению «Производство химикатов для промышленности» Министерства труда и социальной защиты населения РК. Она является член-корреспондентом Международной Академии Аграрного образования. Имеет более 80 публикаций, в том числе в ближнем и дальнем зарубежье.

Деятельность Чернявской О.М. отмечена Благодарностью Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева, грамотами Областного совета профсоюзов, Департамента образования Костанайской области, Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Человек очень организованный, постоянно совершенствующийся, много читающий, эрудированный не только в области педагогики и химии.

Ольга Михайловна очень общительный человек, который заряжает энергией и положительными эмоциями друзей и знакомых. Когда к ней обращаются за помощью, то всегда находят поддержку. Неравнодушная, чуткая, очень внимательная, Ольга Михайловна пользуется заслуженным уважением коллег и студентов.

От всей души поздравляем уважаемую Ольгу Михайловну с днем рождения и желаем отличного здоровья и неиссякаемой энергии, дальнейших творческих успехов и благополучия.

Коллектив кафедры естественных наук
Костанайского государственного педагогического
университета им. У. Султангазина

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Алимбаев, К.С. – «6М010300 – Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.

Асқанбаева, Г.Б. – физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Бекбосынова, А.Х. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Бекмухамбетова, Л.С. – экономика ғылымдарының магистрі, дене шынықтыру, спорт және туризм теориясы мен практикасы кафедрасының оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Беркенова, Г.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, психология және педагогика кафедрасының доценті, тәрбие жұмысы басқармасының басшысы, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.

Бигалиева, Б. – «5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті, Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Бикташева, Г.Ш. – ВАК доценті, дене шынықтыру, спорт және туризм теориясы мен практикасы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Бисембаева, А.К. – 6М010300 «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.

Бойкова, Д.С. – «5В010800 – дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Власова, О.А. – А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ магистранты, Қостанай, Қазақстан.

Гурская, И.Ф. – туризм магистрі, Дене шынықтыру, спорт және туризм теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Доспулова, У.К. – физика-математикалық пәндер кафедрасының аға оқытушы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Жубикенова, Р.К. «Психология» мамандығының студенті, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.

Ибраева, Р.Ж. – педагогика ғылымдарының кандидаты, ВАК доценті, дене шынықтыру, спорт және туризм кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Кабулова, Ж.Ш. – 5В011900 «шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Калиева, А. – «5В011700 – қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті, Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Ковш, Н.А. – Дене шынықтыру, спорт және туризм теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ Қостанай, Қазақстан.

Кононенко, А.О. – «5В010800 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Кравченко, Д.Н. – арнайы (дефектологиялық) білім беру магистрі, психология және дефектология кафедрасының оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

Кудрицкая, М.И. – педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.

- Кучерявая, Т.Л.** – «6М010300 – Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.
- Қушмурзина, Д.Х.** – педагогика ғылымдарының магистрі, МД және ББ кафедрасының аға оқытушысы, Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан
- Өтебай, Н.Р.** – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 4 курс студенті, Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Пчелкина, Т.Р.** – филология ғылымдарының кандидаты, орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Рулёва, М.М.** – жаратылыстану ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, биология магистрі, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Саркисян, Л.В.** – психология ғылымдарының кандидаты, психология және педагогика кафедрасының профессоры, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, Қостанай, Қазақстан.
- Сартаева, С.А.** – «5В011800 – Орыс тілі және әдебиеті» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Сексенбаева, А.Р.** – «5В011300-Биология» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Соколова, Н.А.** – педагогикалық ғылымдар докторы, әлеуметтік жұмыс, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, Оңтүстік Орал Мемлекеттік Гуманитарлық Педагогикалық Университеті, Челябин, Ресей.
- Сорокин, И.С.** – «5В010800 – денешынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Султанбекова, Ж.Х.** – аға оқытушы; Ө.Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Тихонова, О.А.** – «5В010800 – денешынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Тукпаева, Л.Б.** – «5В090200 – Туризм» мамандығының 4 курс студенті, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ, Қостанай, Қазақстан.
- Шилов, И.А.** – Дене шынықтыру, спорт және туризм теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы, Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ Қостанай, Қазақстан.

НАШИ АВТОРЫ

Алимбаев, К.С. – магистрант 1 курса специальности «6М010300-Педагогика и психология», КГУ им. А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан.

Асканбаева, Г.Б. – старший преподаватель кафедры физика-математических дисциплин, КГПУ им. У. Султангазина, Костанай, Казахстан.

Бекбосынова, А.Х. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры казахского языка и литературы, КГПУ им. У. Султангазина, Костанай, Казахстан.

Бекмухамбетова, Л.С. – магистр экономических наук, преподаватель кафедры ТиПФКСиТ, КГПУ им. У. Султангазина, Костанай, Казахстан.

Беркенова, Г.С. – кандидат педагогических наук, доцент КГУ им. А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан.

Бигалиева, Б. – студентка 3 курса специальности «5В012100 – «Казахский язык и литература в школах с неказахским языком обучения», КГПУ им. У. Султангазина, Костанай, Казахстан.

Бикташева, Г.Ш. – ассоциированный профессор доцент ВАК, Кафедры ФФКСиТ, Факультета физической культуры спорта и туризма, КГПУ им. У. Султангазина, Костанай, Казахстан.

